

"Балқашмыс" акционерлік қоғамының аффинаж зауытында өткізу режимін ұйымдастыру мен оны күзету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 6 желтоқсандағы N 1669

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы мен мүддесін қорғауды қамтамасыз ету, режимдік қызметті реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Балқашмыс" акционерлік қоғамының аффинаж зауыты ерекше режимді объектілердің қатарына жатқызылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері Қолбасшысының Бас басқармасы жалпы адам санының шегінде Жезқазған облысының Балқаш қаласында орналастырылатын ішкі әскерлердің жеке арнайы комендатурасын (әскери бөлімін) жасақтасын.

3. Жезқазған облысы мен Балқаш қалаларының әкімдері әскери бөлімге пәтер беру мен оны әлеуметтік-тұрмыстық жағынан жайғастыруға жәрдем көрсетсін.

4. "Балқашмыс" акционерлік қоғамының аффинаж зауыты мен Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің Қолбасшысы бас басқармасының әскери бөлімді ұстау, пәтер бөлу, қаржыландыру, материалдық ресурстармен және өзге де құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі өзара қарым-қатынастары, тараптар арасында жасалған шартқа сәйкес белгіленсін.

5. "Балқашмыс" акционерлік қоғамының басшылығы технологиялық процестің қауіпсіз жүргізілуі мен өндірілген өнімдердің сақталуын ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі